



МӘСЛИХАТ

КЕЗЕКТІ СЕССИЯ ӨТТІ

Сейсенбі күні аудандық мәслихаттың кезектен тыс 33-ші сессиясы болып өтті. Депутаттар бюджет пен әлеуметтік қолдауға қатысты бірқатар маңызды мәселелерді қарап, бекітті.

Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев ауданның, ауылдық округтердің және Булаев қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер енгізу туралы баяндама жасады.

Сондай-ақ, халықты әлеуметтік қолдау мәселесі қаралды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова депутаттарды мәслихат шешіміне ауданда тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібіне қатысты түзетулер туралы хабардар етті.

Талқылау қорытындысы бойынша күн тәртібіндегі барлық тармақтар бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

«WORLD SKILLS - 2025»

АНТОН ЛУЗИН - «WORLD SKILLS - 2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС МЕДАЛІН ЖЕҢІП АЛДЫ



3-9 желтоқсан аралығында Астана қаласында өткен «WorldSkills - 2025» республикалық чемпионатына Қазақстанның барлық өңірлерінен ең үздік жас мамандар қатысып, әртүрлі біліктілік санаттары бойынша сынға түсті.

Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенті Антон Лузин «Дәнекерлеу технологиялары» біліктілігінде тамаша өнер көрсетіп, күміс медальды жеңіп алды.

Осылайша, мағжандық жас маман Солтүстік Қазақстан облысы мен Мағжан Жұмабаев ауданының намысын абыроймен қорғап, алған білім дағдысын кеңінен паш етті.

Антонды дәнекерлер ісіне үйретіп, оның тәлімгерлері атаған Витковских Вадим пен Царегородцев Родионды да шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жетістік – еңбекқорлықтың, шеберліктің және жас мамандар үшін шабыттың жарқын үлгісі.

Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі.

ОН АЙДАҒЫ ОҢ НӘТИЖЕЛЕР

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов елордадағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте баяндама жасап, өңірдің 10 айдағы даму нәтижелерін қорытындылады.



Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі 13 пайызды құрап, ақ қайындар өлкесі ел бойынша бесінші орынға тұрақтаған. Аталған кезең ішінде ауыл шаруашылығында 9,3, өнеркәсіпте 19,1, құрылыста 30,1, тұрғын үйді пайдалануда беруде 3,9, инвестиция тарту ісінде 7,3 пайыздық өсім қамтамасыз етілді.

Ғауез Нұрмұхамбетов өз баяндамасын экономиканың басты саласы саналатын агроөнеркәсіптік кешеннен бастады. Биыл аталған саладағы жалпы өнім көлемі 878,3 млрд.

теңгеге жеткен. Елдегі астықтың төрттен бір бөлігі, майлы дақылдардың 23 пайызы, сүттің оннан бір бөлігі теріскейде өндіріледі. Майлы дақыл алқаптарының көлемі 1 млн. гектарға жетіп, 1,2 млн. тонна өнім жиналды. Суармалы алқаптардың көлемі 2,1 мың гектарға артқан.

Өңірде 68,5 мың тонна ет, 334,9 мың тонна сүт, 530 млн. жұмыртқа өндірілген. Бүгінде облыста 110 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істеп тұр. Биыл тағы 8 кешеннің құрылысы аяқталады деп жоспарлануда. Жаңа жобалар сәтті жүзеге асса, елдегі сүттің бестен бірі солтүстікте өндірілетін болады.

«Солтүстік Қазақстан облысында жыл сайын 120 мың тонна өнім өндіруге қауқарлы «МаслоДел» май экстракциялық зауыты жұмыс істеуде. «Eurasian Milk» серіктестігінде қоюландырылған сүт цехының құрылысы аяқталды. «Север Агро LTD» серіктестігі биенің құрғақ сүтін өндіретін зауыты іске қосты. «Asyl Farms» серіктестігіндегі қызылша өтетін тәжірибелік алқаптар мол өнім берді. Келешекте 1 млн. тонна қызылша өңдейтін қант зауытын салу жоспарланған. Қызылжар ауданының «Salar Farm» серіктестігінде түйіршік жоңышқа өңдеу зауытын салу жобасы іске асырылуда», – деді облыс әкімі.

Жалғасы, басы 2-бетте.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК – ЕЛ ЕРТЕҢНІҢ КЕПІЛІ

4 желтоқсан күні аудандық Мәдениет үйінде ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Ауыл еңбеккерлері үшін Мәдениет сарайының дәлізінде мерекелік фотосаймақ ұйымдастырылып, жұртшылықтың ерекше назарын аударды. Ол, ала жаздай егіс басында еңбектің көркін қыздырған шаруа адамдарының бейнесінде. Әрқайсысының жүзінде қуаныш бар. Дәстүрлі шарада бас қосқан ауыл еңбеккерлерінің еңбегі елеңітпін күн де жетпін. Бұл іс-шара – күзгі науқанның қорытынды жиыны. Сондықтан кім жазда қалай еңбек етті, соған сай табысқа кенелді.



Кездесу басталмас бұрын мерекеге жиналғандар аудан аумағындағы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы туралы түсірілген, еңбек адамдары мен заманауи техника көрсетілген, ауыл шаруашылығының бүгінгі мен ертеңі паш етілген тақырыптық бейнероликті тамашалады.

Содан соң, аудан әкімі Рахат Смағұлов сахна төрінен мағжандық дикандарды төл мерекелерімен құттықтап, олардың бүгінгі күні

жеткен айтарлықтай жетістіктеріне тоқталды.

- Биылғы жылы аудан соңғы онжылда рекордтық өнімге қол жеткізді. Дикандар орташа өнімділігі гектарына 27,3 центнер болатын дөңді, бұршақты және майлы дақылдардың 1 млн. тоннаға жуық астығын жинады. Аудан өнімділігі бойынша облыста бірінші орынды иеленді. Мұның бәрі 18 млрд теңгеден астам жеңілдікті қаржыландыру түріндегі

бұрын-соңды болмаған мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткізілді. Әрине, бұл - жаңқиярлық еңбектің, жоғары кәсібиліктің және аудандағы ауыл еңбеккерлерінің ісіне деген алдалық нәтижесі, – деді аудан басшысы.

Рахат Смағұлов барлық ауыл еңбеккерлеріне алғысын білдіріп, олардың күнделікті тынымсыз еңбектерін ерекше атап өтті.

Жалғасы 2-бетте.

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ КЕПІЛІ

Жалғасы, басы 1-бетте.

Мерекелік одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасып, аудан бастышы ондаған ауыл шаруашылығы қызметкері, оның ішінде механизаторлар, агрономдар, жүргізушілер, диспетчерлер, сала ардагерлері, шаруашылық басшылары, ауданның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға зор үлес қосқан басқа да білікті мамандар «Еңбек ардагері», «Елеулі еңбегі үшін», «Құрметті ардагер» медальдарымен, «Еңбек Даңқы» төсбелгілерімен, өртүрлі деңгейдегі Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ бұл күні ауылдық елді мекендерді абаттандыру бойынша сапалы жұмыс жасағандар да марапатқа ие болды. Мәселен, «2025 жылы аумақтарды үздік абаттандыру» облыстық байқауында «Жасыл орта» номинациясы бойынша біздің аудан

орталығы – Булаев қаласы бірінші орынды иеленді. Қала әкімі Азамат Бірімжановқа облыс әкімдігінің дипломы мен 30 миллион теңге сомасына сертификат табыс етілді.

Сонымен бірге, Возвышен және Лебяжье ауылдық округтері ауылдық аумақтарды абаттандыруға белсенді қатысқаны үшін облыстық бюджеттен 5 миллион теңге сомасына сертификаттары иеленсе, Полудин, Қарақоға, Молодогвардейское ауылдық округтеріне LOVOL және МТЗ-82 жаңа тракторларының кілттерін табыс-талды. Алдағы уақытта бұл техникалар ауылдағы тазалықты сақтауға, төртін пен инфрақұрылымды дамытуға атсалысатын болады.

Облыстық байқау аясында «Үздік жекеменшік үй» номинациясы бойынша 3-ші орын алған үшін Возвышенка ауылының тұрғыны Николай Ковалев бағалы сыйлықпен марапат-

талды.

Осылайша, ауылды көркейтп, жерге дән сеуіп, мол астық жинаған ауыл еңбеккерлеріне барлық құрмет көрсетілді. Сала ардагерлеріне алғыс айтылып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Концерттік бағдарлама да ерекше өтіп, аудан көркемөнерпаздарымен қатар, арнайы қоңақ – қазақстандық эстрада жұлдызы Әміре өнер көрсетіп, мағжандықтарға естен кетпес әсер сыйлады.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні – ел экономикасының берік тірегі болған еңбек адамдарына деген құрметтің көрінісі. Халқымызда «Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі» деген қанатты сөз бар. Ауыл еңбеккерлерінің маңдай терімен келген жетістіктер – ауданымыздың өркендеуінің нақты дәлелі болды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



БРИФИНГ

ОН АЙДАҒЫ ОҢ НӘТИЖЕЛЕР

Жалғасы, басы 1-бетте.

Соңғы екі жылда өңірдегі өндіріс көлемі бір жарым есеге артқан. Кәсіпорындар тапсырысының артуы, жаңғырту жұмыстары оң нәтиже бере бастады. Мысалы, «ЗИК-СТО» серіктестігі жолаушылар вагонын шығаратын жаңа зауыт салды. Жобаға 24,3 млрд. теңге қаржы құйылған. Облыста жалпы құны 894 млрд. теңге болатын, 51 жобаны қамтыған инвестицпұл бар. Бұл жобалардың нәтижесінде 7,8 мың жұмыс орны құрылмақ. Соңғы екі жылда 300 млрд. теңгенің 19 меморандумына қол қойылған. «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағына 22 қатысушы тіркелген. Бүгінде мұнда 5 кәсіпорын ашылып, онда 700-дей адам жұмыс істеп жатыр. Тағы 17 жоба алдағы жылдары аяқталуы тиіс. Өңірге республика кәсіпкерлерінен бөлек Түркия, Италия, Қытай, Катар, Германия, Ресей мемлекеттерінің инвесторлары қаржы құйған. Үкімет шешімімен биыл аудандарда екі субзона құрылды. Ірі инвесторлардың қатарында қатарлық «Ультрадекор» компаниясы да бар. Инвестор өңірде ағаш тақта өндірісін (90 млрд. теңге) өркендетуге үлес қосуда. Ресейлік инвесторлар «Бей-кертон» кондитерлік өнімдер өндірісіне 37 млрд. теңге жұмсамақ. «QILU Agro» Қытай компаниясы ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді жоспарлап отыр. «Уралкран» крандар мен жүк көтеретін қондырғылар құрастыратын зауыты жергілікті

нарық қажеттілігін толық өтейтін болады.

Ғауез Торсанұлы брифингте өңір делегациясының өткен аптада Қытайға жасаған сапары туралы да баяндады. Сапар нәтижесінде 7 стратегиялық меморандум бекітілген. Келісім аясында жаңа өндіріс орындары ашылып, ауыл шаруашылығы, жаңа технология, ғылым салаларында жобалар қолға алынады.

Облыс экономикасын ілгерілету ісіне жергілікті инвесторлар да үлес қосып келеді. Кәсіпкер Дмитрий Шарапаевтың саңырауқұлақ фермасы мен компост зауыты алдағы күндері өз жұмысын бастамақ. Мұнда жылына 1,2 мың тонна саңырауқұлақ пен 5,2 мың тонна компост өндіруге мүмкіндік бар.

«Техноэкопарк» жобасы экологияға оң әсер етпек. Жоба аясында қоқыс сұрыптау кешені, қағаз бұйымдар фабрикасы, картон комбинаты мен металлопластик зауыты салынады. Қоқыс сұрыптау кешені осы бағытта жұмыс істейтін компаниялармен серіктестік орнатып, нәтижесінде қалдық азайып, қайталама гранулалар өндірісі қолға қойылады.

Облыс әкімінің сөзінше, өңірде тұрғын үй қоры жаңарып, елді мекендердің келбеті жаңа кейпке енуде. Жоспарланған 332 мың шаршы метр баспананың 194 мың пайдалануға берілген. Биыл өңірде мың пәтерлі 15 үй салынған. Құрылыс саласында коммерциялық сектордың үлесі артуда.

«Біз өңірдің алдағы 5 жылға арналған

цифрлық стратегиясын жасадық. Стратегия сандық инфрақұрылымды дамыту, экономиканы трансформациялау, халықтың цифрлық құзиреттілігін арттыру сияқты міндеттерді қамтиды. «Qyzyljar Creative Center»-де жаңа коллаборациялар бастау алды. Елді мекендерді цифрландыруға да баса назар аударылуда. Жуырда Шал ақын, Есіл аудандарында IT орталықтар ашылды. Алдағы уақытта мұндай орталықтар басқа аудандарда да ашылады», – деді Ғауез Торсанұлы.

Биыл Тайынша қаласында ұзындығы 4,5 шақырымдық жылу желілері жаңғыртылған. 3 қосалқы станса жөнделген. 2029 жылға дейін облыста ұзындығы 7 мың шақырым болатын инженерлік желілерді жаңғырту жоспарланып отыр.

Өңір басшысы биыл облысты сумен жабдықтауға 74,9 млрд. теңге бөлінгенін жеткізді. Оның 44,9 миллиарды қайтарылған активтер есебінен берілген. Бүгінде тиісті жобалардың соңғы сатысы аяқталуға жақын. Облыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы – 8,4 мың шақырым. Еліміздегі жолдардың ұзындығы бойынша өңіріміз 2-ші орында. Биыл 1,1 мың шақырым жол жөнделді. Оның 467 шақырымы – республикалық, 54 километр жергілікті және 100 шақырымы ауылшілік жолдар. Он жылдан астам уақыттан бері жөндеу көрмеген «Петропавл-Жезқазған» және «Мамлютка-Қостанай» учаскелері қалықа келтірілген. Сонымен қатар 2029 жылға дейін

облыс орталығындағы барлық көшелерге толығымен асфальт төсеу жоспарланған. Бұл ретте шекара маңындағы аудандарға ерекше назар аударылып отыр.

Ғауез Нұрмұхамбетов 2024 жылы өңірімізде орын алған су тасқынының салдарын жою мәселесіне де назар аударды. Биыл облыс орталығы мен қала маңында орналасқан аудандардағы бөгеттердің беріктігі тексерілген. Бөгеттердің биіктігі Балтық жүйесі бойынша тиісті деңгейге жеткізіліпті. Бұл 2024 жылғы су тасқыны деңгейінен 1,5 метрге жоғары. Жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Жергілікті бюджет есебінен Есіл өзені жайылмасындағы тұрғын үйлерді қарғын судан қорғау үшін 2 бөгет салынды.

«Петропавл су торабынан 32 шақырым төмен учаскеде Есіл арнасын тазарту және түбін тереңдету бойынша жобалау-металдық құжаттама әзірленуде. Бұл болашақта өзеннің өткізу көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді. Жайылмада орналасқан Заречный кенті су басу қаупі жоғары шағынаудан саналады. Сондықтан тұрғындарды қала орталығына көшіру туралы шешім қабылданды. Алғашқы тоқсан пәтерлі бес қабатты үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Жыл соңына дейін тұрғындардың алғашқы легі жаңа үйлерге қоныстанады», – деді облыс әкімі.

Брифинг соңында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өңір басшысына түрлі тақырыптағы сауалдарын жолдап, жауап алды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ТӘУЕЛСІЗДІК - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Биыл бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздігімізге – 34 жыл! 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан егемен ел ретінде өз тәуелсіздігін жариялады. Дәл осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң күшіне енді. Заң Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қағидалары негізінде әзірленген болатын.

Тәуелсіздік күні – бабалар аңсарын ақиқатқа айналдырған байтақ еліміз үшін төңдесі жоқ тарихи күні! Осынау тәуелсіздіктің арқасында қазақтың тарихы түгенделіп, тілі, діні және ділі қайта жаңғырды. Мемлекеттің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрі жанданды. Халықаралық қауымдастық алдында беделіміз орнықты. Ендеше тарихи жылдар тізбегінде тәуелсіздікке ресми түрдегі алғашқы қадам 1990 жылдан басталғанын әділетті түрде атап өткен абзал. «Егемен болмай – ел болмас» демекші, бүгінде Республика күні боп атап өтілетін мереке – 25 қазан күні тәуелсіздік құқы қалпына келтірілді. Сол кезде елдің қалыптасуына негіз болған бағалы құжат, алғашқы заңнамалық акт жарияланды. Биліктің үш тармағын бекіткен, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, демократия және заң үстемдігі қағидаларын растайтын «Егемендік туралы декларацияға» қол қойылды. Осы идеологиялық-құқықтық құжаттың ережелері Конституцияның әзірлеу процесінде іргелі бастама болды. Осылайша, Қазақстан үшін ғасырға бергісіз бір жылдың хроникасы басталды.

Қысқаша тоқталып өтер болсақ, 1991 жылдың 24 тамызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Ағымдағы жағдайды бағалау және Республика егемендігін нығайту шаралары туралы» Қаулы қабылдады. 29 тамызда Қазақ КСР Президентінің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығы шықты. Қазақ жерінде 40 жылдан астам уақыт бойы сынақ жүргізілген ядролық қаруға нүкте қойылды. Ал 2 қазан күні қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты.

10 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» заңды қабылдады. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталды. 12 желтоқсан күні «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 күндері оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шықты. Ал 16 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» ҚР заңы қабылданды. Осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланды. Әлем картасында жаңа мемлекет пайда болды.

Биылғы 34 жыл – бір ұрпақ ауысатын уақыт. Жаһандану үдерісімен, жаңа технологиялар көшімен көптеген құндылықтың өзгергені рас. Бірақ өзгермейтін жалғыз құндылық бар. Ол – тәуелсіздік! Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан ядролық қарудан бас тарта алды. Жарты ғасырға созылған сынақтардан



құтылды. Өзінің аумағын айқындап, шекарасын шегендеді. Мемлекеттік құрылымдарды негіздеп, алтын арқауы үзіліп қалған елдік дәстүрді қайта жалғап, оны берік орнықтырды. Елтаңбасын айшықтап, құн астында алтын қыраны қалықтаған көк байрағын желбіретіп, Әнұранын шығартты. Ұлтаралық келісім мен діни түсіністікке негізделген бірегей қоғам қалыптастырды. Елдігімізді еңселі өткен дүниежүзі қазақтарының құрылтайларын өткізді. Тағдырдың талайымен әлемге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды құтты қара шаңыраққа қайта жинады. Әлемдік үйлесімнің, этностар арасындағы жарасымның бірегей үлгісіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды.

Алғашқы жылдардағы қиындықтарға қарамастан қарулы күштерін жасақтап, экономикасын нарық релісіне ауыстырды. Бұрын-соңды болмаған реформалар жасап, демократияға батыл бет бұрды. Соның ішінде екі палаталы заңнамалық орган – Парламент пен биліктің, сөз тармағы қалыптасты. Осы жылдар шежіресіндегі шоқтығы биік маңызды оқиғалардың бірі жаңа Астана салғанымыз болды.

Тәуелсіздік бізге халықаралық векторды сыйлады. Мемлекеттің сыртқы саясатында Қазақстанның дипломатиялық миссиясының жетістіктері жоғары бағаға ие. Бүгінде Қазақстан 120-дан астам мемлекетпен республиканың егемендігі мен тәуелсіздігінің кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекетаралық қарым-қатынастар орнатты. Бұған Қазақстанның БҰҰ-ның толық мүшелігіне кіруі, әлемдік ықпалды ұйымдармен, соның ішінде Еуропалық одақ, Халықаралық валюта қоры, ЮНЕСКО, МАГАТЭ, ЮНЕСКО және Қызыл Крестпен белсенді ынтымақтастығы дәлел болмақ. Осы ықпалды халықаралық ұйымдармен ынтымақтаасумен қатар Қазақстан

40-тан астам көпқырлы конвенция мен декларацияларды ратификациялап, 700-ге жуық екіжақты шарт бекітті. Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді, Еуразиялық экономикалық одаққа бірікті, Әлемдік жетекші экспорт-таушылардың елулігі қатарына қосылып, 43-орынды иеленді. Бұл ретте Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тізгінін ТМД және Азия елдерінің ішінен алғашқы боп қолға алғанын атап кеткен жөн. Әлемдік деңгейдегі мұндай мәртебелі миссия қазақ баласына бұрын-соңды сеніп тапсырылып көрген емес еді.

Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауырталығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтап алды. Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды дамуға зор мүмкіндік алды. «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, шетелдерден қазақтың тарихы мен мәдениетіне қатысты бес мыңнан аса қолжазба мен көшірме әкелінді. Осы жылдарда көптеген тарихи жәдігер табылып, 800-ден астам тарихи ескерткіш қалпына келтірілді. Қазақтың мың өні, қазақтың мың күйі жарыққа шықты. Одан да басқа атқарылып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз.

Тоқсануысөздіктыбықтайтүйіні: Тәуелсіздік – Ұлы даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асқақ арманға қол жеткіздік. Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Біз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы.

Гүлжан ЖАНСҮГІРОВА,
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің бас маманы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Ауылдық кітапхана – ауылдың рухани жүрегі, ұрпақты білім мен ұлттық құндылыққа жетелейтін маңызды мекен. Биылғы Тәуелсіздік күні біз үшін тек мереке ғана емес, өткенімізге тағзым етіп, болашағымызға бағдар жасайтын ерекше сәт.

1991 жылдың 16 желтоқсанында еліміз егемендігін жариялаған күні – халқымыздың сан ғасырлық арман-мұраты орындалған тарихи белес. Сол күннен бастап Қазақстан әлемдік қауымдастықтың дербес мүшесі ретінде дамудың жаңа жолына түсті. Тәуелсіздік бізге еркін ой, еркін сөз, ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту, тіліміз бен мәдениетімізді өркендету мүмкіндігін сыйлады.

Жалпы кітапханалар Тәуелсіздік жылдарында туған әдебиеттерді, тарихи еңбектерді, ел дамуын айшықтайтын құжаттар мен архивтік деректерді оқырманға ұсыну арқылы жас ұрпақтың елжандылық сезімін қалыптастыруға үлес қосып келеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетіміздің жаңа тынысы, жазушыларымыздың тың шығармалары, ел руханиятының серпіні кітапхана қорында кеңінен насихатталуда.

Бүгінде ауыл жастары кітапханаға келіп, ел тарихын танып, мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі жайлы мол мағлұмат алуға мүмкіндік ие. Бұл – егемендіктің ең жарқын жетістіктерінің бірі.

Тәуелсіздік – әр жүректе, әр отбасыда, әр ауылда сақталатын қастерлі ұғым. Оны қадірлеу, қорғау және келер ұрпаққа аман жеткізу – баршаауылдың ортақ борышымыз.

Барша ауыл тұрғындарын Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтай отырып, әр шаңыраққа бейбітшілік, ырыс-күт, бірлік пен береке тілеймін. Егемен еліміздің көк туы мәңгі бізге жеткелей берсін!

Жұлдыз КАЮПОВА,
Құралай ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

Қазіргі әлемде конфессияаралық келісімнің маңызы зор, өйткені ол қоғамдағы толеранттылық, диалог және құқықтық мәдениет қағидаттарын дамытуға бағытталған.

Соңғы жылдардағы оқиғалар мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың саясатындағы конфессияаралық келісім діни саладағы кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған олардың қызметінің негізгі векторларының бірін иеленуі тиіс екендігінің дәлелі болып табылады. Оның іске асырылуын қамтамасыз ету көпконфессиялы қоғамда келісім мен рухани бірлікті дамыту және сақтау қағидаттары бекітілген құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Біздің елімізде конфессияаралық келісім моделі бірқатар құқықтық құжаттармен реттеледі, олардың негізгісі – Конституция болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында «зайырлы мемлекет» термині қолданылады, ол мемлекет бірқатар қағидаттарға сүйенеді: толерантты көзқарас, әрбір азаматтың құқықтарын тану, барлық діни бірлестіктер үшін тең құқықтар беру және мемлекет пен діни бірлестіктердің оң жақ өріс шеңберіндегі тәуелсіздігі. 11.10.2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы әрбір қатысушы үшін құқықтарды заңнамалық қамтамасыз етуге бағытталған.

Конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің айрықша ерекшеліктерінің бірі мемлекеттің діни бірлестіктермен бірлесіп жемісті жұмыс істеуге және оның әрбір қатысушысы үшін құқықтық өріс жағдайларын жасауға мүдделілігі болып табылады. Мемлекет пен діни бірлестіктер тарапынан мұндай ұмытыстың көрінісі



Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін тұрақты негізде өткізу болды. Бұл диалог алаңы қазақстандық келісім моделін іске асырудың тамаша үлгісі болды, сондай-ақ діни төзімсіздікке, алауыздыққа және террористік қызметтің адамгершілікке жатпайтын әдістеріне қарсы іс-қимыл шеңберінде дін мен мемлекеттің рухани, моральдық және мәдени әлеуетін біріктіру қажеттілігінен туындады.

Қазақстандық келісім моделі осындай сипаттағы идеяларды жеткізуші ретінде

әрекет ететін қоғамға сүйенеді. Әлемдік бөліністігі конфессияаралық келісім модельдерінің айырмашылығы қоғамның дәстүрлерімен, қабылданған құқықтық құжаттармен байланысты, өйткені олар тарихи және мәдени мұрадан туындайды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының кіріспесінде Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы ханафи мазхабының ислам мен православиелік бағыттағы христиандықтың рөлі, сол арқылы елдегі діни өмірдің ерекшеліктерінің бірі

көрсетілген.

Қазақстандық қоғамда қалыптасқан конфессияаралық келісім моделі жоғары құндылықтардың бірі ретінде біртұтас қоғам құруды жариялаған мемлекеттің саясатын көрсетеді. Бұл мақсатқа қоғамда зайырлы қағидаттар мен құқықтық нормаларды белгілеу шеңберіндегі дәйекті қадамдар арқылы қол жеткізіледі. Бұл діни бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) және мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің Қазақстан халқының тарихымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл модельдің айрықша ерекшеліктерінің бірі – оның қоғамның өртүрлі салаларындағы көз-келген диалогқа ашықтығы. Айта кету керек, бүгінде келісім ұғымы Қазақстан халқының санасының ұлттық көрінісі болды. Қалыптасқан модель туындаған мәселелер мен сын-қатерлерді демократиялық жолмен шешуге және қоғамға экстремистік және террористік сипаттағы актілерге қарсы біртұтас әрекет етуге мүмкіндік береді.

Конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі зайырлы мемлекет пен азаматтық қоғамның барлық қағидаттары көрініс тапқан мазмұнымен өзіне назар аударады. Қазақстан Республикасы өзінің жеке моделі арқылы қазақстандық қоғамның адами әлеуетін іске асырды және оны нәсілге, этникалық және діни қатыстылығына қарамастан мемлекет ішінде неғұрлым тығыз және достық байланыстар жасауға бағыттады.

Айгүл АБСАЛЫҚОВА,
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің діни және қоғамдық
бірлестіктермен жұмыс жөніндегі
бас маманы.

ҚАРАҚОҒАЛЫҚ ЕҢБЕККЕРЛЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

8 желтоқсан күні Қарақоға ауылдық Мәдениет үйінде ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күніне арналған «Туған жерім – Туған елім» аяқты мерекелік іс-шара өтті.

Қонақтарды домбыраның қоңыр әуесімен және дәстүрлі «шашу» рәсімімен қарсы алған қарақоғалықтар нан көрмесін, «Қарағужинка» тобының қойылымын және «Егістіктен бастап нанға дейін» шағын спектакль-ертегісін ұсынды.

Салтанатты шара нанның құндылығын сезінуге және оқиғаның қаһармандық беттерін еске түсіруге шақырған бейнероликтен басталды. Блокада болғандардың нан туралы өлеңдері, «тың» қойылымы және бейне құттықтаулар мерекенің әнін келтірді.

Алғашқы болып аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, өз сөзінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі қаншалықты маңызды екенін айтты.

Қарақоға ауылының агроқұрылымдары ауданның АОК үздік кәсіпорындарының қатарына кіреді. Олар жылдар бойы тұрақты дамып келеді. Осы

залда аталған кәсіпорындардың негізін қалаған ардагерлер де, бүгінгі күні өз ісіне берілген еңбеккерлер де бар, - деді аудан басшысы.

Содан кейін мереке марапаттау рәсімімен жалғасып, «Ноғайбай» ЖПС комбайншылары Александр Родников пен «Нұр Агро» ЖПС Дмитрий Юркин «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал «BULAEVO ZHER» ЖПС механизаторы Сергей Ринкевичюске «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ бұл күні бірқатар ауыл шаруашылығы қызметкерлері Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

«BULAEVO ZHER» ЖПС директоры Қанат Жанқурип де сахнаға көтеріліп, жерлестеріне құттықтау сөз арнады. Сонымен бірге, тағы бір ерекше сәт орын алды: аудан әкіміне Шал ақын ауданы әкімінің құттықтауы табысталды.



Мерекеді Қарақоға ауылдық округінің шығармашылық ұжымымен бірге, арнайы шақырылған Шал ақын ауданының көркемөнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды.

Қос аудан өртістерінің бірлескен қойылымы көрмендерге керемет көңіл-күй мен көптеген әсерлі эмоциялар сыйлады.

Еркін ТОЛЕГЕН



СТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ӨСУ МЕН ДАМУ

5 желтоқсан күні Мағжан Жұмабаев ауданы ауданы әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожамжетов Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілеріндегі «Тікелей байланыс» аяқты тікелей эфирге қатысып, аудандағы кадрлық жағдай және мемлекеттік қызметке жас мамандардың тартылуы туралы баяндама жасады.

түсіндіремін. Уақытша ережелерге сәйкес, заңнаманы білу талаптары айтарлықтай жеңілдетілген: егер бұрын үміткерлер 6-9 заң бойынша тестілеуден өткен болса, қазір - тек төрт негізгі заң бойынша өтеді: ҚР Конституциясы, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі. Осының арқасында тестілеуден өту айтарлықтай жеңілдеді.

«Б» корпусының әкімшілік лауазымына конкурстың кезеңдері (ҚР заңнамасы мен мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеуден өткеннен кейін):

1. Жеке қасиеттерді бағалау.
2. Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау.

3. Практикалық бағалау - үш кәсіби тапсырманы онлайн орындау (негізгі лауазымдар үшін бас мамандар, жетекші мамандар), ал жоғары лауазымдар үшін есеп жазу және онлайн режимінде конкурстың комиссиямен әңгімелесу.

Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша жүйе ең көп ұпай жинаған жеңімпаз — кандидаттың автоматты түрде анықталады. Төңдік жағдайында - еңбек өтілі, содан кейін білім деңгейі және аналитикалық тест нәтижелері ескеріледі.

Грант түлектері үшін ерекше мүмкіндік бар. Мысалы, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған және GPA 3,3 және одан жоғары жас мамандар конкурстың лауазымына тағайындалуға құқылы. Бұл мемлекеттік органдарға мансапты тез бастауға тамаша мүмкіндік. Тұрақты негізде кадрларды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде. ЖОО, колледж түлектерімен телефон арқылы әңгімелесу өткізіліп, қолданыстағы бос жұмыс орындары, мемлекеттік қызметке түсу мүмкіндіктері және ауданның мемлекеттік органдарының кәсіби қызметіне байланысты басқа да мәселелер туралы хабарлау мақсатында Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың соңғы курс студенттерімен кездесу жоспарланған. Бос орындар Епбек.kz орналастырылған, мұнда әрбір тілек білдіруші мемлекеттік қызметке өзекті бос жұмыс орындарын көре алады. Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында а уылдық округтердегі лауа-

зымдар құрылымын жаңартқаннан кейін бухгалтерлерге жалақы көтерілді - жалақы 30 мың теңгеге өсті. 2026 жылғы қаңтардан бастап барлық мемлекеттік қызметшілердің жалақысын жалпы көтеру жоспарлануда. Бұл қызметкерлерді ынталандыру және жаңа кадрларды тарту үшін маңызды қадам.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту - мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтиды. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау - қосымша кәсіби білім алу үшін оқыту курстары қарастырылған. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру-олардың қуыртертерін жетілдіру үшін оқыту семинарлары жоспарланған. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтеді. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардың жолдамасы бойынша тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде кәсіби білім мен тәжірибе алу мақсатында олардың тағылымдамасы өткізіледі. Тағылымдамалардан өту кезеңінде мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) және жалақысы сақталады. Тұрақты оқыту және тағылымдамалардан өту қызметкерлерге реформаларды ұстануға және жұмыс сапасын арттыруға көмектеседі.

Құрметті колледждер мен ЖОО түлектері! Біздің ауданға жігерлі, жауапты және заманауи мамандар қажет. Мемлекеттік қызмет - бұл: тұрақты жұмыс, өсу, оқу және даму, халықтың өмірін жақсартатын маңызды жобаларға қатысу мүмкіндігі. Ал грант түлектері үшін үлкен артықшылық бар — конкурстың жұмысқа орналасу. Біз жас кадрларға ашық, оқытуға, қолдауға және кәсіби өсу үшін жағдай жасауға дайынбыз. Мемлекеттік қызмет — бұл біздің ауданымыздың дамуы, мүмкіндіктері мен болашағына үлес қосу, - деді аудан әкімі аппаратының басшысы.

Баяндама аяқталған соң, «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінің оқырмандары, Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілері арқылы тікелей эфирге қатысып отырған мағжандықтар Жаслан Қожамжетовқа аталған тақырып бойынша сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.



Өз сөзінде Жаслан Әсетұлы аудандағы кадрлық жағдай және мемлекеттік қызметке жас мамандарды тарту бойынша мәселесіне тоқталды.

Бүгін біз ауданымыздың мемлекеттік органдарында кадрлық жұмыс қалай дамып жатқаны, қандай міндеттеріміз тұрғаны және неге бізге жас, бастамашыл және белсенді мамандарды тарту маңызды екендігі туралы егжей-тегжейлі әңгімелеу үшін ашық кездесу өткіземіз. Біздің басты басымдығымыз — ауданның міндеттерін тиімді шеше алатын және халыққа сапалы қызмет көрсете алатын мемлекеттік қызметшілердің кәсіби, тұрақты командасын қалыптастыру.

Бүгінгі таңда ауданда 120 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді, оның ішінде 145 мемлекеттік лауазымның штаттық бірлігі қарастырылған. 25 бос жұмыс орны бар, олардың жартысына жуығы бухгалтерлер мен қаржы саласының мамандары. Кадрлардың ауысуының негізгі себептері - көшу, зейнетке шығу, басқа бюджеттік ұйымдарға ауысу.

2025 жылы 122 конкурс өткізіліп, бірақ 78 конкурс ниет білдірушілердің болмауына байланысты өткізілмеді. Конкурсстардың едәуір бөлігі ниет білдірушілердің болмауына байланысты өтпегеніне ескере отырып, қандай өзгерістер енгізілгенін және бүгінгі таңда конкурстық іріктеудің негізгі кезеңдері қалай ұйымдастырылғанын

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ– ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ



5 желтоқсан күні Советское ауылында жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында құқықбұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың құқықтық сана-сезімін арттыру мақсатында ауқымды профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Шараға аудан прокуроры Фани Жалби, аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, полиция бөлімінің бастығы Асан Мейрамов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының жауапты хатшысы Қайнолла Смадов, Солтүстік Қазақстан облысы дін істері басқармасы жанындағы Дінтану және конфессияаралық қатынастарды дамыту орталығының сарапшы-талдаушысы Елизавета Березина, төтенше жағдайлар бөлімі және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Алдымен аудан әкімдігі, партия өкілі және құқықтық орган басшылары Мәдениет үйінің дәлізінде ауылдықтарды жеке қабылдап, көкейінде жүрген өзекті мәселелерді шешу жолдарын пысықтады. Алтын дән ауылдық округінің тұрғындары жол жөндеу, елді мекенге кірген қаңғылас қарсақтар мен түлкілерді аулау, жүргізушілер тарапынан жол ережелерін сақтау, абаттандыру және басқа да мәселелерді көтерді. Қабылдау өткізген басшылар әр сұраққа нақты жауап беріп, олардың орындауын бақылауға алатынын жеткізді.

Содан кейін іс-шара акт залына ауысып, онда ашық диалог форматында ауыл тұрғындарымен интернет-аляқтықтың алдын алу, есірткімен күрес, тұрмыстық зорлық-зомбылық, төтенше жағдайларда әрекет ету, көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланып, сондай-ақ дини экстремизмнің алдын алу мәселесіне ерекше назар аударылды.

Алғашқы болып сөз алған аудан прокуроры Фани Жалби биылғы жылдың 1 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қоғамда 2025-2030 жылдарға арналған заң және тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі тұжырымдама бекітілгенін айтып, аталған жиын халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқықтық тәртіпті нығайтуға және өз қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті қалыптастыруға бағыттал-

ғанына тоқталды.

Ал аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Жалғасбек Мұқашев интернет-аляқтықтың алдын алу бойынша ақпарат ұсынып, есірткімен күрес, тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа құқықтар туралы баяндама жасады.

Интернет – алысты жақындатып, өмірімізді жеңілдетіп отырған құрал. Дегенмен, оның да кемшіні тұстары жоқ емес. Алаяқтар үшін интернет қаралайым адамдарды алдаудың жаңа құралына айналып үлгерді. Сол үшін де интернет-аляқтық жаңалық емес. Интернет жеке деректерді ұрлау және қаржылық алаяқтық жасаудың ең танымал құралдардың біріне айналды. Интернет-аляқтық заманауи технологиялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны киберқылмыстың бір түрі деп есептеуге болады.

Сіз кез келген уақытта қандай да бір жолмен онлайн-аляқтықтың құрбанына айналып кетуіңіз мүмкін. Сол себепті, барынша абай болу керек және жеке деректердің қауіпсіздігін бақылап отырған жөн, - деді Жалғасбек Асылбекұлы.

Сондай-ақ тәртіп сақшылары аталған қылмыстың алдын алу мен құрбан болмау үшін бейнеролик көрсетіп, жадынамалар таратты.

Сонымен бірге, көмелетке толмағандар істері жөніндегі аға инспектор Нұрбол Байманов «Көмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу»

тақырыбында тікелей диалог форматында әңгіме өткізді.

Пешпен жылыту маусымы қарсаңында тұрғындарға жылыту аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері, пештерді дұрыс орнату, желдету және өрт пен басқа да төтенше жағдайлардың алдын алуға көмектесетін сақтық шаралары туралы еске салу аса маңызды. Бұл білім, әсіресе, біздің аудан үшін өзекті, онда қауіпсіздік нормаларын сақтау адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға мүмкіндік береді.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімінің қызметкерлері ауылдықтарға бейнеролик көрсетіп, жылыту маусымында сақ болуға шақырды.

Солтүстік Қазақстан облысы дін істері басқармасы жанындағы Дінтану және конфессияаралық қатынастарды дамыту орталығының сарапшы-талдаушысы Елизавета Березина қазіргі заманғы экстремизм көріністері туралы баяндама жасап, олардың алдын алу әдістері және әркім өз қауіпсіздігі үшін қабылдай алатын шаралар туралы презентация жасады.

Жалпы бұл күн шара қатысушыларына әртүрлі қылмыстар мен қауіптердің түрлері және олардан сақтану жолдары кеңінен түсіндірілді.

Кездесуде соңында 5 желтоқсан – Волонтерлер күні мерекесіне орай, Алтын дән ауылдық округінің волонтерлеріне салтанатты түрде Алғыс хаттар табыстау рәсімі өтті.

Жүргізушілер жергілікті волонтерлер

округте ауқымды жұмыс атқаратынын жеткізіп, бұл адамдар барлық маңызды іс-шараларға белсене қатысатынын айтты. Мәселен, олар интернет-аляқтықтан қорғау тәсілдері туралы ақпараттық кітапшаларды таратуға көмектесіп, пешпен жылыту ережелері туралы жадынамаларды таратуға қатысады. Сонымен бірге, жалғызбасты және қарт тұрғындарға қолдау көрсетіп, кездесулер, акциялар мен алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға атсалысады.

Бүгінгі біздің қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпке арналған бағдарламыз да олардың қатысуынсыз жүрмейді. Өйткені волонтерлер – әрқашан бірге, көмектесуге және өз үлестерін қосуға дайын. Бүгін біз шын жүректен алғысымызды білдіреміз және өз еңбегімен, уақытымен және жүректерімен округтеріміздің өмірін жақсартып, қауіпсіз өріміз сүруге қолайлы етіп отырғандардың зор үлесін атап өткіміз келеді. Олардың ерқайсысына мықты денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат пен сәттілік тілейміз, - деді жастар ресурстық орталығының өкілі Ахметхан Қанышев.

Осылайша, Советское ауылында өткен маңызды іс-шара мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара байланысты нығайтып, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға септігін тигізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

БҮЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

5 желтоқсан күні Булаев қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында өтетін жыл сайынығы дәстүрлі спартакиада жалғасуда.

Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде бағдарламаның төртінші түрі – үстел теннисі бойынша жарыс өтті.

Жарысқа 8 команда қатысып, спорт ардагері Александр Павлович Тарабарин қатысушыларға ақ жол тілеп, өз құттықтауын жолдады.

Тартысты өрі қызықты өткен жарыс қорытындысы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ауыш және автомобиль жолдары бөлімі мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бірлескен командасы чемпион атанды. Ал №2 Булаев орта мектебінің ұжымы 2-ші орынды иеленсе, Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің қызметкерлері 3-ші орынды жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Спартакиаданың келесі түрі – волейбол бойынша жарыс жұма күні Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өтетін болады.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ БОЙЫНША ЖАРЫС



ТАҒАЙЫНДАУ

НҮРБЕК ҚАЙЫРЖАНОВ - ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



8 желтоқсан күні ауданға Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Жомарт Серікұлы Асқаров келіп, аудан активімен кездесу барысында жаңадан тағайындалған төтенше жағдайлар бөлімінің бастығын таныстырды. Бұл лауазымға азаматтық қорғау подполковнигі Нұрбек Жәнібекұлы Қайыржанов тағайындалды.

Нұрбек Жәнібекұлы 1988 жылы 5 қазанда Мағжан Жұмабаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2011 жылы Көкшетау техникалық институтын «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде аға инженер болып бастаған. 2012-2015 жылдары аралығында Булаев қаласындағы №12 өрт сөндіру бөлімінде қарауыл бастығы, 2015-2018 жылдары өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары лауазымдарында еңбек еткен.

2018 жылдан бастап осы уақытқа дейін Булаев қаласындағы №12 өрт сөндіру бөлімінің бастығы қызметін атқарған.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов Нұрбек Жәнібекұлын Мағжан Жұмабаев ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы лауазымына тағайындауымен құттықтап, оған табысты әрі нәтижелі жұмыс тілеп, ынтымақтастық пен өзара түсіністікке үміт артағанын айтты.

Кездесу барысында аудан аумағындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызметтер арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері және материалдық-техникалық базаны одан әрі нығайту мәселелері де талқыланды.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

АДАЛДЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚ - ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Қаржының ашық және әділ басқарылуы — кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі. Қазақстан Республикасының қазынашылық органдары ел қазынасын басқаруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — басты басымдықтардың бірі.

Мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткендей, жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмейтін. Ең бастысы — оның алдын алу. Сондықтан қазынашылық органдарда бұл бағытта бірқатар нақты жұмыстар атқарылып келеді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу мақсатында, мемлекеттік қазынашылық комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бекітті.

Екіншіден, жұмыс үдерістері толығымен автоматтандырылып жатыр. «Қазынашылық — Клиент», «Электрондық шот фактура» сияқты ақпараттық жүйелер адам факторын азайтып, қызметтің ашықтығын арттыруда.

Мағжан Жұмабаев ауданының қазынашылық басқармасы құжаттардың белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, негізсіз қайтару, созбалаңға салу сияқты әрекеттерге жол бермейді.

Үшіншіден, қызметкерлердің әлеп нормаларын сақтауына ерекше көңіл

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!

бөлінеді. Тұрақты түрде оқыту семинарлары, біліктілікті арттыру курстары өткізіліп, әрбір қазынашы маманның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілігі артып келеді.

Одан басқа, заңнамаға сәйкес, басқарма қызметшілерімен жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация ұсынылады. Апта сайын сәрсенбі мен жұма күндері басшылықпен азаматтарды жеке қабылдау жүргізіледі. Ғимаратта жеке және заңды тұлғалардың хаттары, шағымдары мен өтініштері үшін жөшік орналастырылған.

Бүгінде қазынашылық органдарына деген сенім артып келеді. Бұл — қабылданатын жатқан шаралардың нәтижесі. Жемқорлықсыз адал мемлекет құру — баршамамыздың ортақ міндетіміз.

Жангүл ЖҰМАБЕКОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
қазынашылық басқармасының
басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АҒАШ КЕСУ МЕН ОРМАН БИЛЕТТЕРІН ЖАЗДЫРТУ ЖӘНЕ БЕРУ

«Булаев орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ағаш кесу және орман билеттерін жаздырту және беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Булаев

қаласы, Пушкин көшесі, 19 үй мекен жайында орналасқан орман шаруашылығының орталық кеңсесіне немесе 8(715) 31 2-22-49 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

Суық ауа райының басталуымен тұрғындар пештерді жылытуға кіріседі, көбінесе, мұржаларды күйеден тазартпай, су жылытатын кеңейту цистернасының оқшаулауының сенімділігін тексермейді (егер ол жылытылмайтын бөлмеде болса).

Тұрғын үйлерде пештің дұрыс жұмыс істемейтіннен өрт шығу жағдайлары тән.

Шатырлардағы түтін түтіктері мен түтін құбырлары үнемі тексеріліп, Шатырдағы түтін мұржасын әк ерітіндісімен, жарықтарсыз ақтау керек.

Жылыту пешін пайдалану тек жақсы жағдайда болған кезде ғана рұқсат етіледі, бұл:

- жарықтар мен күйіктердің болмауы;
- жану есігі мықтап жабылуы керек.

Жану есігінің алдында 50x70 см өлшемді металл қаңылтыр бекітілген болуы қажет. Қатты отынмен жұмыс істейтін пешті тұтандыру үшін жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға, отын, киім-кешек және т.б. кептіруге, пештің жанында жанғыш материалдарды сақтауға немесе жанып тұрған пешті қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инспекция



қызметкерлері мұндай заң бұзушылықтарды анықтап, оларды жоюды талап етеді.

Сіздерден өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз! Өрт - өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлықпен салғырттық көшірмейді.

Төтенше жағдай орын алған кезде, 101 немесе 112 телефондары арқылы қоңырау шалыңыздар.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ



2026 жылдан бастап жаңа
Салық кодексіне
арнайы салық режимдері
бойынша не өзгерді?

2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ БОЙЫНША НЕ ӨЗГЕРДІ?


Арнайы салық режимдері (АСР) жекелеген салық төлеушілер санаты үшін салықты есептеу, төлеу тәртібін және есептілікті жеңілдету мақсатында көзделген.

Қолданыстағы Салық кодексінде 7 арнайы салық режимі көзделген: патент негізіндегі АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР, арнайы мобильді қосымша пайдаланылатын АСР, тіркелген шегерімді пайдаланылатын АСР, бөлшек салықтың АСР, шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін АСР, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл

шаруашылығы кооперативтеріне үшін АСР. Жаңа Салық кодексінде бұл режимдер 3 АСР-ге дейін оңтайландырылды:

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
2. Оңайлатылған декларация негізінде;
3. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

Нина БЕЛОУСОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
мемлекеттік кірістер басқармасының
салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі
бас маманы.



Дүйсенбі, 15 желтоқсан	Сейсенбі, 16 желтоқсан	Сәрсенбі, 17 желтоқсан	Бейсенбі, 18 желтоқсан	Жұма, 19 желтоқсан	Сенбі, 20 желтоқсан	Жексенбі, 21 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 15.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10 «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆSHOLPAH». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.10, 03.00 «АПТА». 15.00 «Д/Ф». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.25 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.50 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 17.00, 04.10 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆSHOLPAH». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.05 «СӘЛЕМ САҒАН, ТУҒАН ЕЛ». 13.15, 02.55 «ЕРКІНДІК ЛЕБІ». 13.40 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ. 16.00, 03.20 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.00 «ДИМАШ», Д/Ф. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 21.25 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 22.20 «STRANGER». 00.55 «КӨШПЕНДІЛЕР», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆSHOLPAH». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.15, 03.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.35 «ӨНДЕР МЕН ЖҮЗДЕСУ». 15.35 «ЕҢБЕККЕР ЖӨРТЕБЕСІ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 21.25 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.35 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆSHOLPAH». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.15, 03.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20, 01.45 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00 «ӨНДЕР МЕН ЖӨРТЕБЕСІ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.20, 02.50 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 04.15 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆSHOLPAH». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 БӨРКЕЛДІ. 15.45, 03.40 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.20, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «АУАЙДЫ МАҒАН». 23.20 1001 ТҮН. 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.55 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 17.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.05, 03.30 АУЫЛДАСТАР. 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.00, 01.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.50, 12.00, 20.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 14.10 КОНЦЕРТ. 15.35 Д/Ф. 16.00 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА». 17.20, 01.05 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 01.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 21.50 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.45 «МАЛАЙ», Х/Ф. 02.55 «ТЕЛЕДӨРІТЕР».	05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 АҚПАРАТ. 05.55, 03.40 «АУЫЛДА- СТАР». 06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.20, 00.50 ТЕЛЕДӨРІТЕР. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 14.15, 01.20 АРНАЙЫ ЖОБА. 14.40 КОНЦЕРТ. 15.50 «МАЛАЙ», Х/Ф. 20.00, 23.50 АПТА. 20.50, 00.40 АҚОРДА. 21.00 Д/Ф. 21.25 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.20, 02.30 БӨРКЕЛДІ. 01.45 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 15 желтоқсан	Сейсенбі, 16 желтоқсан	Сәрсенбі, 17 желтоқсан	Бейсенбі, 18 желтоқсан	Жұма, 19 желтоқсан	Сенбі, 20 желтоқсан	Жексенбі, 21 желтоқсан
---------------------------	---------------------------	---------------------------	---------------------------	-----------------------	------------------------	---------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 ХАҚЫҢ БАР. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ! 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 10.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 12.30, 17.30 КОНЦЕРТ. 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 16.00 Т/С «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ». 18.45 ҚАЗАҚ АРУЫ - 2025. 23.30 «ЖИЗНЬ ПОСЛЕ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 КӨЗҚАРАС. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 11.40 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 НЕОСАНА. 16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ЖЕР-ЖАҒАН. 18.35 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 КЕШРЕС. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 11.30 ДӨСТҮР. 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 15.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 16.10 ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ. 17.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 COVER SHOW. 23.30 ОЙНАУ. 00.30 «КОНЦЕРТ». 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 ШЕБЕРІЕР ШАЙҚАСЫ. 11.15 М/Ф. 12.35 М/Ф «СУПЕР МЯУ». 13.30 «СЕМЕЙНОЕ ОГРАБЛЕНИЕ», Х/Ф. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.00 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 23.00 «САБОТАЖ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 Д/Ф. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.30 «САБОТАЖ», Х/Ф. 14.30 М/Ф. 15.50 М/Ф «СУПЕР МЯУ». 16.15 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН. 18.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.15 ЖЕКІПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 «СЕМЕЙНОЕ ОГРАБЛЕНИЕ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 15 желтоқсан	Сейсенбі, 16 желтоқсан	Сәрсенбі, 17 желтоқсан	Бейсенбі, 18 желтоқсан	Жұма, 19 желтоқсан	Сенбі, 20 желтоқсан	Жексенбі, 21 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.55 ТАМАША CITY.	06.00, 03.50 ТАМАША CITY. 06.50, 02.55 П@УТИНА. 07.30, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.30 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.30 БЫГИ УЛЬ ТУЛЕГЕНОВА. 10.00 «ОБГОНЯЯ ВРЕМЯ», Х/Ф. 14.20 Т/С «ПРОСТИТЬ СЕБЯ». 18.30, 02.10 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.55 ТАМАША CITY.	06.00, 02.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.55 ТАМАША CITY.	06.00, 03.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 14.00, 03.00 НОВОСТИ. 14.15, 03.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.15 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 «ПОЛЕ ЧУДЕС». 22.15 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА».	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 03.05 «П@УТИНА». 09.00 ПОЕХАЛИ! 10.00 «КОТЫ ЭРМИТАЖА», Х/Ф. 11.40 ҚАЙМАҚ 12.20 Т/Х «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ». 16.45 ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ. 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ». 21.00 «ОДИНОЧЕСТВО», Х/Ф. 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.50 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ». 09.40 «МЕДВЕЖИЙ ПЕРЕПОЛОХ», АНИМ.Ф. 11.00 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «ЗАМОК НА ПЕСКЕ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Қазаққа қызмет етемін десең, білім ал!
- Еңбексіз істің нәтижесі болмайды.
- Баланың дұрыс тәрбиесі – ата-ана парызы.
- Өнер – өмірдің азығы.
- Білім – өмірді жақсартады, ал نادандық – құлатады.

Ыбырай АЛТЫНСАРИН.



АҚ ТІЛЕК

БАСПАСӨЗ - 2026

АЛТЫН ТОЙ



Ноғайбай ауылында тұратын сүйікті ата-әжем, ардақты әке-шешеміз

МАРАТ МАЛҒАЗДАРҰЛЫ мен МАҚУЗА ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ НАЗАРОВТАРДЫ

50 жыл бұрын отау құрып, шаңырақ көтерген алтын тойларымен құттықтаймыз!

Сіздерге деген перзенттік махаббатымызды, жүрек түкпірінде әрдайым тербетіп жүретін ең ізгі де ыстық сезімімізді білдіргіміз келеді. Торыққанда ақылшымыз, жабыққанда сағынышымыз – өзіңізсіздер. Мынау өмір Сіздер арқылы қызық, мағыналы, қымбат. Құдай сіздерге алдағы кезде тек ұзақ та бақытты ғұмырын бергей!

Сіздерсіз – ұйытқысы шаңырақтың, Түлетіп ұл-қызды жамыраттың. Шаттықтың шалқар әні шалқи берсін, Сөнбесін аулаңызда шамы бақтың! Бақыт құсы айналып күнде қонсын, Құшақтарыңыз әрқашан гүлге толсын. Мерейлі күні Сіздерге тілек арнап, Туыс-туған, дос-жаран бірге болсын.

Ақ тілекпен: балалары, немерелері мен шөберелері.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Әурметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге
2026 жылдың
бірінші жартыжылдығына
жазылу науқаны жүріп
жатқанын
хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта
және газет редакциясында
жазылуға болатынын
еске саламыз.

Газетке жарты жылға
жазылу бағасы -
жеке тұлғалар үшін -
2185 теңге,
заңды тұлғалар үшін -
3372 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ЛОГОТИПІН ЖАСАУ КОНКУРСЫ ЖАРИЯЛАНАДЫ



қажет;

- Чыныгыста дұрыс емес мәліметтер болмауы тиіс;
- Қалаған қатысушылар үшін анияциялық нұсқасын жасауға мүмкіндік бар.

Жұмыстарды тапсыру мерзімі: 9 желтоқсаннан 23 желтоқсанға дейін.

Жұмыстарды тапсыру мекен-жайы/байланыс: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56.

Тел.: +7 747 142 09 49
Электрондық пошта: mgzhanbaeva-akimat@sgo.gov.kz

Конкурс жеңімпазы марапатталады, ал оның жұмысы ауданның ресми символына айналады!

Қатысушыларға да, ауданымыздың бірегей бейнесін жасауға өз үлестеріңізді қосыңыздар!

Чыындасуыру комитеті.

Барлық шығармашы және бастамашы тұрғындарды қатысуға шақырамыз.

Ауданды бейнелейтін, оның тарихын, мәдениетін және дамуын көрсететін өз нұсқаңызды ұсыныңыздар.

Конкурс шарттары:

- Жұмыстар растылық және векторлық графика форматында электрондық түрде қабылданады;

- Логотип бастапқы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы

САЛЫМШЫЛАР НАЗАРЫНА!

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ ЖАРИЯЛАНДЫ



ТЖЗҚ Әлеуметтік кодекстің талаптарына сәйкес жыл сайын келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖЗҚ) жарияластыру туралы міндетін орындай отырып, 2026 жылға арналған ТЖЗҚ туралы хабарлайды.

Естеріңізге сала кетейік, ТЖЗҚ – бұл салымшыны ай сайынғы зейнетақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес мөлшерде қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері (міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған). Бұл ағымдағы жетекшілерге әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ең төменгі зейнетақы мөлшеріне, ең төменгі жалақыға, ең төменгі күнкөріс деңгейіне, сондай-ақ инфляция мен инвестициялық кірістілікке сүйене отырып есептелетін зейнетақы жинақтарының бағалау немесі. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі – салымшы зейнеткерлік жасқа жеткенде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуға тиіс ең төменгі көрсеткіш.

ТЖЗҚ есептеу зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау

әдістемесіне (бұдан әрі – әдістеме) (ҚР Үкіметінің 30.06.2023 №521 қаулысымен (бұдан әрі – №521 қаулы) бекітілген) сәйкес жүргізіледі.

Әдістемеге сәйкес, 2026 жылғы ТЖЗҚ есептеу кезінде Қазақстан Республикасының «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңында айқындалған 2026 жылға арналған келесі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер пайдаланылды:

- 1) ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 69 049 теңге;
- 3) ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге.

Нәтижесінде 2026 жылы ТЖЗҚ мөлшері орта есеппен 10%-ға өсті, бұл жалпы инфляцияның ағымдағы және болжамды мөндеріне сәйкес келеді.

ТЖЗҚ қатысты бейне түсініктеме – БЖЗҚ/ ЕНПФ YouTube арнасында.

БЖЗҚ баспасөз қызметі.

Директор - бас редактор
Незя ГОУПАРГазеттің мәтінгі нөсі:
«Азат» «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magzhan Juldzy» газеті
редакцияда терісін беттелді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 450

Газет аудан ақпараттық, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
меншіктері: ақпараттық саясатты
жүргізудің ресми басқармасы болып
табылады